

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
бойынша Қамқорлық кеңес отырысының**

№ 3 хаттамасы

05.12.2022 ж

Қатысты: 20

Қатысушылар: Мектеп директоры, директордың орынбасарлары, мектеп психологы, қамқорлық кеңесінің мүшелері, ата – аналар комитетінің төрайымы, мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасы.

Күн тәртібінде:

1. Оқу процесін ұйымдастыруда жаракаттануды налдыалу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау
2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс шараларына қатысу
3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек жасау.
4. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А. Ол кісі қатысушыларды оқу процесін ұйымдастыруда жаракаттануды алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарымен таныстырды. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары туралы ақпараттандыру бойынша, балалар мектепте қауіпсіз жүріс-тұрысына үйрету бойынша сынып жетекшілер кездесулер ұйымдастырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп тұрады. Сонымен қатар әр бір оқушы оқу жылының басында мектепшілік ереже, жалпы қауіпсіздік ережесімен танысып қолдары қойылады. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдер қоңырау уақытында арнайы бекітілген кесте бойынша кезекшілік атқарып, оқушылардың жаракаттанбауын қатаң қадағалап тұрады.

Қабылданған қаулы : Хабарды мәліметке алу

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль.

Мырзахан Қайратгуль қатысушыларды ҚР Тәуелсіздігіне арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылуына байланысты қамқорлық кеңес мүшелері демеушілік көрсетулерін айтты. Барлығы бір ауыздан келісті .

Қабылданған қаулы: Хабарды мәліметке алу.

Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды қамқорлық кеңесінің төрайымы Хашабай Жазира . Ол кісі жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілердің тартуын айтты. Жаңа жыл мерекесіне дайындалу жұмыстары басталды. Жаңа жылдық безендіру орындары сыныптар бойынша бөлінді, қойылымдарды дайындауға жауапты тұлғалар тағайындалып, ертеңгіліктер мен кештерді өткізу кестесі бекітілді. Безендіру жұмыстарына ата-аналар мен оқушылар белсенділік танытса, аяз атаның дорбасына, жаңа жылдық мерекелік байқауларға дүкендердің иелері демеушілік көрсетіп көмек көрсететінін айтып жеткізді.

Қабылданған қаулы: Хабарды мәліметке алу

Төртінші сұрақ бойынша тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль .Мектебімізде жыл сайын «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады. Осы акция барысында мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылып, акция бұрынғы жасалды.

Акцияның мақсаты — аз қамтылған, көпбалалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету және мектебіміздің оқушыларының бойына адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарыту болып келеді

Онда мұғалімдер аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетеді. Сонымен бірге мұғалімдер киім – кешек, азық - түлікпен де көмек көрсетіп, демеушілік жасап отырады. І сынып оқушысы Токтасын Ақсүндіттің отбасына азық – түлік, киім – кешек және үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп , отбасының ризашылығын алды.

Қабылданған қаулы: Хабарды мәліметке алу.

Шешімі: 1. Оқушылардың жарақатын алдын алу бойынша жұмыстарын жалғастырып, бақылауда ұстау.

2. Іс шараларды ұйымдастыруына көмек көрсетіп, демеушілік жасау

3. Аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсетіп отыру.

Қамқорлық кеңесінің төрайымы: *Жазира* Хашабай Жазира

Қамқорлық кеңесінің хатшысы. *Ә* Байсалхан Ә

Қамқорлық кеңесінің мүшесі . *Саркулаков* Саркулаков Ә

Қамқорлық кеңесінің мүшесі *Ильяс М* Ильяс М

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *С.К.* Кожиков С.К.

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *К.Х* Байтасов К.Х

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Хивай М* Хивай М

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Муталив Н* Муталив Н

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Ахмет Х* Ахмет Х

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Депутат К* Депутат К

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Камес Р* Камес Р

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Аханова А* Аханова А

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Сабиғат А* Сабиғат А

Қамқорлық кеңесінің мүшесі. *Исенов Е.Ж* Исенов Е.Ж

Қамқорлық кеңесінің мүшесі *Жакишева З. Ш* Жакишева З. Ш